ЖШС «Арсила» «Ақбөпе» балабақшасы
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІ ХАТТАМАСЫ №5

Күні: 28 мамыр 2026 жыл
Өтетін орны: «Ақбөпе» балабақшасы
Қатысқандар: Кеңес мүшелері. тәрбиешілер
Төрайым: Идрисов Ж.А
Хатшы: Хаитпанқызы К

Тақырыбы: 2025–2026 оқу жылындағы педагогикалық әдеп жұмысының қорытындысы және келесі жылға ұсыныстар.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №4 кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Этика талаптарын сақтау бойынша жылдық талдау
3. Әдепті үлгілі сақтаған педагогтарды мадақтауға ұсыну
4. Келесі оқу жылына этикалық бағыттағы ұсыныстар
5. Ағымдағы мәселелер

1-мәселе бойынша:
Тыңдалды:

Төрайым Идрисов Ж.А №4 кеңес шешімдерінің орындалуы туралы баяндады. Педагогтардың кәсіби имиджі мен мінез-құлық мәдениетін сақтау бағытында жұмыстар жүргізілгені айтылды. Сонымен қатар, ұжымда корпоративтік мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылғаны баяндалды. Кейбір бағыттарда жұмыстарды жалғастыру қажеттігі атап өтілді. Жалпы орындалу деңгейі қанағаттанарлық екені қорытындыланды.

Сөйлегендер:

Кеңес мүшесі, меңгеруші Арыстан Ә.Т қабылданған шешімдердің орындалуы оң нәтиже бергенін атап өтті. Сонымен қатар, педагогтардың жауапкершілігін арттыру қажеттігін айтты. Бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыру маңызды екенін жеткізді.

2-мәселе бойынша:
Тыңдалды:

Этика талаптарын сақтау бойынша жылдық талдау жасалды. Жыл бойы педагогтардың кәсіби әдеп нормаларын сақтау деңгейі сараланып, оң нәтижелер мен кемшіліктер анықталды. Сонымен қатар, ұжымдағы қарым-қатынас мәдениетінің жақсарғаны атап өтілді. Кейбір жағдайларда әдеп талаптарын сақтау бойынша қосымша жұмыстар жүргізу қажеттігі айтылды.

Жалпы педагогикалық әдеп нормаларының сақталу деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші Завьхан К әдеп талаптарын сақтау педагогтың кәсіби міндеті екенін айтты. Сонымен қатар, бұл бағыттағы жұмысты тұрақты түрде жүргізу қажеттігін жеткізді. Әр педагог өзін-өзі бақылауы маңызды екенін атап өтті. Жалпы ұсыныстыны қолдады.

3-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Меңгеруші Арыстан Ә.Т жыл бойы педагогикалық әдеп талаптарын жоғары деңгейде сақтаған педагогтарды атап өтті. Атап айтқанда, тәрбиешілердің ата-аналармен қарым-қатынасы, құжаттамаларды дұрыс жүргізуі, кәсіби мінез-құлқы мен ұжымдағы мәдениеті ескерілгені айтылды. Үлгілі педагогтар ретінде Байтуякова Дина Куатовна, Садуакасова Динара Алпысбековна, Эржанова Кундузай Курбанбаевна ұсынылды. Сонымен қатар, олардың жұмыс тәжірибесін басқа педагогтарға үлгі ретінде тарату қажеттігі атап өтілді. Мадақтау педагогтардың кәсіби ынтасын арттыратыны және жауапкершілігін күшейтетіні айтылды. Жалпы аталған педагогтарды марапаттауға ұсыну қолдау тапты.

Сөйлегендер:

Кеңес мүшесі Сүйеніш С үлгілі педагогтарды марапаттау мотивацияны арттыратынын айтты. Сонымен қатар, жақсы тәжірибені тарату қажеттігін атап өтті. Педагогтарды қолдау маңызды екенін жеткізді.

4-мәселе бойынша:

Тыңдалды:

Келесі оқу жылына этикалық бағыттағы ұсыныстар қарастырылды. Педагогикалық әдепті сақтау, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру, ата-аналармен жұмысты нығайту бағыттары ұсынылды. Сонымен қатар, педагогтардың кәсіби дамуына жағдай жасау қажеттігі айтылды. Әдеп кеңесінің жұмысын жүйелі жалғастыру маңызды екені баяндалды. Жалпы келесі жылға нақты бағыттар айқындалды.

Сөйлегендер:

Тәрбиеші Ховдахан Г келесі оқу жылында әдеп нормаларын сақтау жұмыстарын күшейту қажеттігін айтты. Сонымен қатар, педагогтардың кәсіби мәдениетін арттыру бағытында іс-шараларды көбейту ұсынысын білдірді. Ата-аналармен байланысты нығайту маңызды екенін атап өтті.

5-мәселе бойынша:

Ағымдағы мәселелер қарастырылды. Балабақшадағы педагогтардың кәсіби әдебін сақтау бойынша күнделікті бақылау нәтижелері талқыланды. Тәрбиешілердің балалармен және ата-аналармен қарым-қатынасындағы сөйлеу мәдениетіне назар аудару қажеттігі айтылды. Сонымен қатар,

әлеуметтік желілерде педагогтардың өзін ұстау мәдениеті мен қызметтік этиканы сақтау мәселесі көтерілді. Педагогтардың жұмыс барысында ұялы телефонды орынсыз қолдануын шектеу және қызметтік тәртіпті сақтау қажеттігі атап өтілді. Ұжым ішінде өзара қарым-қатынасты нығайту және түсініспеушіліктердің алдын алу жолдары қарастырылды.

Сөйлегендер:

Кеңес мүшесі Арыстан Ә.Т педагогтардың кәсіби әдебін тек жұмыс орнында ғана емес, қоғамда да сақтау қажеттігін айтты. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде педагог беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу керектігін жеткізді. Ұжымда өзара сыйластық пен қолдау мәдениетін қалыптастыру маңызды екенін атап өтті. Педагогтардың сөйлеу мәдениеті мен мінез-құлқына тұрақты бақылау жүргізу қажет екенін айтты. Жалпы ұсыныстарды қолдайтынын білдірді.

Меңгеруші Арыстан Ә.Т педагогтың кәсіби әдебі оның тек жұмыс орнында емес, барлық ортада көрініс табуы тиіс екенін атап өтті. Әр педагог өзінің іс-әрекеті арқылы балабақша беделін қалыптастыратынын айтты. Сонымен қатар, тәртіп пен жауапкершілікті сақтау, сөйлеу мәдениетін дамыту және кәсіби әдепті ұстану басты талаптардың бірі екенін жеткізді. Ұжымда жағымды атмосфера қалыптастыру әр қызметкердің міндеті екенін атап өтті.

ШЕШІМІ:

1. №4 кеңес шешімдерінің орындалуы жалғастырылсын.
2. Педагогикалық әдеп талаптарын сақтау жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Үздік педагогтар мадақтауға ұсынылсын.
4. Келесі оқу жылына арналған этикалық бағыттағы жұмыс жоспары әзірленсін.
5. Ағымдағы мәселелер бойынша тиісті жұмыстар жүргізілсін.

Кеңес төрайымы: Идрисов Ж.А

Кеңес хатшысы: Хаитпанқызы К